

**Қазақстан Республикасы Президентінің жаңынан "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі
кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 823 Жарлығы

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» кешуі жөніндегі тұжырымдаманың іске асрылуын мониторингтеу және бағалау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жаңынан «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Кеңес туралы ереже бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындастын қажетті ұйымдастыру және өзге де шараларды қабылдасын.
4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2014 жылғы 26 мамырдағы
№ 823 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы «Жасыл
экономикаға» көшу жөніндегі кеңес туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың (бұдан әрі - Тұжырымдама) іске асрылуын мониторингтеу және бағалау, мониторингтеу және бағалау базасында тиісті ұсынымдар өзірлеу, экономиканы «жасыл» әрі орнықты даму қағидаттарында жаңғыртуды қамтамасыз ететін Тұжырымдаманы іске аснуру стратегиясын, тактикасы мен тетіктерін айқындау мақсатында құрылатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Өз қызметінде Кеңес Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын және осы Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңес туралы ережені (бұдан әрі - Ереже) басшылыққа алады.

3. Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді Кеңестің жұмыс органы жүзеге асyрады.

4. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Кеңестің жұмыс органы (бұдан әрі - жұмыс органы) болып табылады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

5. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Тұжырымдаманың негізгі ережелерін іске асыру, оны іске асырудың стратегиясы мен тактикасын, әдістері мен тетіктерін айқындау жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшүі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының неғұрлым маңызды әлеуметтік-экономикалық іс-шараларының нәтижелерін мониторингтеу, оларды іске асыруға кедергі болатын проблемаларды анықтау, сондай-ақ өндірісті және табиғат пайдалануды экологияландыру бағытында межеленген өзгерістерді толық көлемде орындауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) «жасыл экономикаға» көшу бойынша неғұрлым маңызды проблемаларды шешуде атқарушы биліктің орталық және жергілікті органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өзара іс-құмыл жасауының тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар, оның ішінде экономиканы «жасыл» дамыту үшін қолайлы ахуал мен жағдайлар жасауға бағытталған шаралар қолдану жөнінде ұсыныстар дайындау;

4) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен даму бағдарламаларын, салалық бағдарламаларды Тұжырымдаманың басымдықтары мен қағидаттарына сәйкес келтіру бойынша бақылауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

5) қоғамдық үйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын Тұжырымдаманың бағыттарын, кезеңдерін, іске асырылу әдістері мен тетіктерін талқылауға тарту болып табылады.

6. Кеңестің негізгі функциялары:

1) Тұжырымдаманың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау;

2) мониторингтеу және бағалау базасында тиісті ұсынымдар мен ұсыныстар тұжырымдау;

3) әр үш жыл сайын «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі ұлттық баяндаманы қарau;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдаманың басымдықтары мен қағидаттарына сәйкес қарau;

5) елдің «жасыл экономикаға» көшүі жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мазмұнын қарau және бағалау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

3. Кеңестің құқықтары

7. Кеңестің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшүі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыруға байланысты мәселелер жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;

2) консультациялар өткізуге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан ақпарат сұратуға және алуға;

3) проблемалық мәселелерді талқылауға қатысу үшін кәсіпкерлерді, мамандарды, ғалымдар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқығы бар.

4. Кеңестің қызметін үйимдастыру

8. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңестің төрағасы болып табылады.

9. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары төрағаның орынбасары болып табылады.

10. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрі Кеңестің хатшысы болып табылады.

11. Кеңес отырыстарын Кеңестің төрағасы не оның тапсырмасы бойынша Кеңес

төрағасының орынбасары жүргізеді.

12. Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Кеңес отырыстары заңды деп есептеледі.

13. Кеңес мүшелері оның отырысына алмастыру құқығынсыз қатысады.

14. Кеңес отырыстары тоқсанына бір реттен жиі өткізілмейді. Қажет болған жағдайда, Кеңес төрағасының шешімі бойынша Кеңестің кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін.

15. Кеңес шешімдері отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының қаралапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Талқыланатын мәселе бойынша дауыстар тен болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

16. Кеңес мүшесі қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы.

17. Кеңес отырыстарының қорытындылары бойынша хаттамамен ресімделетін шешімдер қабылданады.

18. Кеңес хатшысы:

1) Кеңес отырыстары күн тәртібінің жобасын қалыптастырады;

2) Кеңес отырыстарына материалдарды, сондай-ақ хаттамалық шешімдердің жобаларын дайындауды үйімдастырады.

5. Кеңестің жұмыс органды

19. Кеңестің жұмыс органды:

1) Кеңесте қарау үшін ұсыныстар жинауды жүзеге асырады, Кеңестің қарауына мемлекеттік органдар мен өзге де үйымдар енгізетін ұсыныстарды қалыптастырады;

2) Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды;

3) мемлекеттік органдар мен басқа да үйымдардан Кеңестің міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты сұратады;

4) Кеңес мүшелерін Кеңес отырыстарының өткізілетін орны, уақыты мен күн тәртібі туралы хабардар етеді және оларды қажетті материалдармен уақытылы қамтамасыз етеді.

6. Кеңестің жұмыс топтары

20. Кеңестің алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында оның шешімімен мынадай мәселелер бойынша Кеңестің жұмыс топтары құрылады:

1) қаржылық және инвестициялық саясат;

2) су ресурстарын басқару;

3) ауыл шаруашылығын дамыту;

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру;

5) электр энергетикасын, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін дамыту;

6) қалдықтарды басқару;

7) ауаның ластануын азайту;

8) экокүйелерді басқару;

9) халықты ағарту және оның экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

21. Кеңес төрағасы жұмыс топтарының құрамын Кеңестің отырысында бекітеді.

22. Кеңестің жұмыс топтарының құрамдарына мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің және шаруашылық жүргізуі субъектілердің басшылары болып табылатын Кеңес мүшелерінің өкілдері кіруі мүмкін.

23. Жұмыс топтары Кеңеске ұсынымдар тұжырымдайды, олар Кеңес отырысында қаралып, хаттамамен бекітіледі.

24. Кеңестің жұмыс топтарының жұмысына қатысу алмастыру құқығынсыз жүзеге асырылады.

7. Қеңестің қызметін тоқтату

25. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі Қеңестің қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2014 жылғы 26 мамырдағы
№ 823 Жарлығына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі қеңестің құрамы

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрі, хатшы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі

Қазақстан Республикасының Өнерлік даму министрі

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

«Астана ЭКСПО - 2017» үлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты үйлестірушісі/ Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі (келісім бойынша)

«MAC ALIANS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директорлар кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

«Жасыл» экономиканы» қолдау және G-Global-ды дамыту коалициясы» заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы (келісім бойынша)

«KazWaste» Қазақстан қалдықтарды басқару қауымдастырының атқарушы директоры (келісім бойынша)

«Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығының директоры (келісім бойынша)